

*Бес жастағы балалардың
сипаттау әңгімелеу
тілдерін дамыту*

Дайындағандар:



Зерттеу объектісі – Бес жастағы балалардың сипаттау әңгімелеу тілдері.

Зерттеу пәні – Бес жастағы балалардың сипаттау әңгімелеу тілдерін дамыту үдерісі.

Зерттеу мақсаты: Бес жастағы балалардың сипаттау әңгімелеу тілдерін дамыту мәселесін зерттеу.

Міндеттері:



- Мектеп жасына дейінгі балалардың тілдік құзыреттіліктерінің даму мәселесіне талдау жасау;

- Сипаттау әңгімелеу тілдерін дамыту жолын зерттеу;

- Бес жастағы балалардың жас ерекшелігіне сипаттама беру;

- Бес жастағы балалардың сипаттау әңгімелеу тілдерін дамыту ерекшеліктерін айқындау;

- Практика жүзінде бес жастағы балалардың сипаттау әңгімелеу тілдерін дамыту.

Баланың тілін дамыту, сөйлесе білуге үйрету негізінен үш түрлі тәсіл арқылы іске асырылады:

1. Затты бақылатып көрсету;

2. Балалардың түсінігін байқау, сұрақ қойып жауап алу;

3. Сол бақылаған оқиғалар туралы дербес жаттығулар орындатып, көрген-білгенін тереңдете тиянақтап отыру.

Сипаттау дегеніміз - статикалық жағдайдағы (қалыпты) затты сипаттау. Сипаттауды затқа деген бағалы қарым-қатынасты білдіретін, қорытынды фразамен аяқтайды. Бес жастағы балалар суреттерді, ойыншықтарды, заттарды, табиғат құбылыстарын сипаттайды. Әңгімелеу – баланың мазмұнды өзбетімен кең түрде жеткізеді.

Сөйлеу көздеріне байланысты сипаттау әңгімелеу тілдерін былай бөлуге болады:

1. ойыншық және зат бойынша;
2. сурет бойынша;
3. өз шығармашылығынан;
4. творчестволық әңгімелер.
5. Әдеби шығармаларды әңгімелеу - әр жас топтарында әңгімелеуге оқыту әдістемесінің жалпы және спецификалық ерекшеліктері бар.

Әңгімелеу бойынша сабақтардың құрылымы:

1. Кіріспе бөлім.
Мақсаты – сабаққа деген қызығушылық тудыру, жұмбақты, бақылауды еске түсіре отырып, суреттерді көрсете отырып, қысқа кіріспе әңгіменің жолымен жететін, мәтінді балалардың қабылдауына даярлау.

2. Шығарманы оқу.
Балаларға шығарманы таңдау ұсынылады, оның тақырыбы мен авторы хабарланады.

3. Оқылған
ның мазмұны бойынша талдауға және мәтінді есте сақтауға бағытталған әңгіме.

4. Қайталап оқу.

5. Балалардың әңгімелеуі.

6. Сабақтың қорытынды бөлімі.
Мұнда шығарманы ойыншықтардың, үстел үсті және көлеңке театрының көмегімен драматизациялауға болады.

Сурет бойынша әңгімелеу. Суретті суреттеу және әңгіме-баяндама құрастыру іскерлігін қалыптастыру үшін әр түрлі типте өңделген дидактикалық суреттерді қолдануға болады:

- Заттық суреттер – арасында ешқандай сюжетті байланыс жоқ бір немесе бірнеше заттар бейнеленген (үй жиһазы, киім, ыдыс, аңдар; «Бие мен құлын», «Сиыр мен бұзау»).
- Сюжетті суреттер – мұнда заттар, кейіпкерлер бір-бірімен сюжетті өзара байланысқан.
- Бірдей сюжетті мазмұнды байланысқан суреттер жинағы немесе сериясы.

Әңгімелеу үшін суреттерді таңдауға көптеген талаптар қойылады:

- суреттің мазмұны қызықты, түсінікті, қоршағандарға тәрбиелік жағымды әсер ететіндей болу керек;
- жоғары көркемдік сипатта болу керек;
- кейіпкердің, аңдардың және басқа да объектілердің бейнесі шындық негізде болу керек, шартты белгілерді балалар дұрыс қабылдамайды.

Тіл дамыту әдістемесінде сурет бойынша әңгімелеудің бірнеше түрлері бар:

1. Заттық суреттерді суреттеу – суреттегі заттардың немесе аңдардың, олардың қасиеттерін, әрекетін, өмірін байланыстыра отырып суреттеу.

2. Сюжетті суреттерді суреттеу – суреттің мазмұнынан шықпайтын ситуацияны суреттеу.


3. Суреттің сюжетті сериялары бойынша әңгімелеу – бала бір ертегінің сюжетті суреттерінің сериясын баяланыстыра отырып, мазмұнын әңгімелейді. Балалар бір оқиғаны екінші оқиғамен байланыстыруға үйренеді, баяндау құрылымын (басы, ортасы, аяғы) меңгереді.

4. Сюжеттік сурет бойынша баяндама әңгіме. Бала суреттегі эпизод бойынша басы мен соңын ойлап табады. Одан суреттің мазмұнын игерумен қатар, оны сөзбен жеткізе алу, қиялының көмегімен болатын және болған оқиғаны ойластыру талап етіледі.

5. Пейзаждық сурет және натюрмортты суреттеу.

Сызба бойынша сұрақтар:

1. Түсі. (ойыншықтың түсі қандай?)
2. Пішіні. (Оның пішіні қандай?)
3. Доптар. (Ойыншықтардың көлемі қандай ?)
4. Ойыншықтың бөлшектері. (Ұсақ бөлшектерін ата.)
5. Қойылатын сұрақтар. (Ойыншық қандай материалдан жасалған?)
6. Қол. (Бұл ойыншықпен қалай ойнайды?)



Сызба бойынша сұрақтар:

Түсі. (Киімнің түсі қандай?)

2. Бөлшектері. (Киімнің қандай бөлшектері бар?)

3. Қойылатын сұрақтар. (Ол қандай материалдан тігілген?)

4. Ауа-райы. (Бұл киімді қай мезгілде киеді?)

5. Әйел,ер,бала. (Бұл киімді әйел,еркек әлде бала кие ме?)

6. Қол. (Киімді не істеуге болады?)

